

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрдің орынбасарлары және Үкімет Аппаратының Басшысы арасында міндеттерді бөлу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 23 желтоқсан N 1574.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.08.01. N 1202 қаулысымен. ~P971202

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрдің орынбасарлары және Үкімет Аппаратының Басшысы арасында міндеттерді бөлу бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрдің орынбасарлары және Үкімет Аппаратының Басшысы арасында міндеттерді бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 9 қарашадағы N 1363 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 23 желтоқсандағы
N 1574 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі,
Премьер-Министрдің орынбасарлары және Үкімет Аппаратының Басшысы
арасында
МІНДЕТТЕРДІ БӨЛУ

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Ә.М. Қажыгелдин

Үкіметтің қызметіне тікелей басшылық жасау, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдардың республиканы экономикалық және әлеуметтік дамыту жөніндегі жұмысын үйлестіру.

Үкіметтің Реформаларды тереңдету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру.

Сыртқыісминінің, Қорғанысминінің, Ішкіісминінің, Әділетминінің, ҰҚК-нің, Прокуратураның, Мемтергеукомының жалпы мәселелері.

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары
А.С. Есімов

Премьер-Министрдің орнын ауыстыру, Үкімет Аппаратымен жұмыс істеу.

Аумақтық басқару органдарымен өзара іс-қимыл, аймақтарды дамыту, кадр саясаты мәселелері.

Мемлекеттік инвестициялық саясатты, сыртқы экономикалық қызметті үйлестіру.

Инвестициялар жөніндегі мемкомитет, Меммүліккомы, Жоғары және орталық меморгандарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемкомиссия жұмысының мәселелері. Қорғанысминінің, Әділетминінің, ішкіісминінің жедел қызметі.

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары
Н.Қ. Есенғарин

Интеграция комитетіне басшылық, ТМД органдарында Қазақстан Республикасының атынан өкілдік.

Сыртқыісминінің ТМД елдерімен ынтымақтастыққа қатысты мәселелері.

Премьер-Министрдің орынбасары
Д.Т. Дүйсенов

Республика экономикасының жұмыс істеуінің және ТМД елдерімен

ынтымақтастықтың жедел мәселелері.

Өнеркәсіп, энергетика, көлік және коммуникациялар кәсіпорындарын, құрылыс кешенін реформалау. Халық шаруашылығын жұмылдыру дайындығы, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және мемлекеттік материалдық резервтер, ғылыми-техникалық прогресс, қолданбалы және іргелі ғылым, ішкі сауда, қайталама ресурстарды пайдалану мәселелері. Тұтыну тауарлары, жеңіл өнеркәсіп өндірісі мен нарықтарын дамыту. Ғылым мен техника жөніндегі жоғары консультативті кеңестің, Ақпаратты қорғау жөніндегі мемлекеттік техникалық комиссияның қызметіне басшылық ету.

Жұмыс берушілер бірлестіктерімен және кәсіподақтармен өзара іс-қимыл, әлеуметтік әріптестік мәселелері.

Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитет, Өнеркәсіпсаудамині, Энергиякөмірмині, Көліккоммині, Құрылысмині, Ғылыммині - Ғылым академиясы, Геологиямині, Мұнайгазмині, Мемтөтенжағдайкомы, Мемстандарт, Сауда-өнеркәсіп палатасы, Мемлекеттік аттестациялық комитеті, Мемматрезервкомы жұмысының мәселелері.

Премьер-Министрдің орынбасары - Қаржы министрі
А.С. Павлов

Макроэкономиканың және әлеуметтік-экономикалық реформалардың жалпы және ағымдағы мәселелері.

Кедендік-тарифтік және монополияға қарсы саясат.

Республика бюджетін және индикативтік жоспар-болжамдарды әзірлеуге басшылық жасау, олардың орындалуын бақылау, қаржы, валюта және баға саясатын қалыптастыру.

Халықаралық қаржы-экономика ұйымдарымен өзара іс-қимыл. Кәсіпкерлікті дамыту.

Экономмині, Қаржымині, Мемжекешелендірукомы, Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемкомитет, Мемлекеттік салық комитеті, Ұлттық статистика агенттігі, Мемсақтандыруқадағалау, Кеден комитеті, Ұлттық және мемлекеттік банктер, Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия, Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссия, Республикалық бюджеттің орындалуына бақылау жасау жөніндегі есеп комитеті, жол және басқа да бюджеттен тыс қорлар жұмысының мәселелері.

Премьер-Министрдің орынбасары
Ж.С. Кәрібжанов

Агроөнеркәсіп кешені және халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету салаларының қызметін үйлестіру. Табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау мәселелері.

Ауылшармині, Экобиоресурсмині, Мемжеркомы, Суресурскомы, Қазгидромет жұмысының мәселелері.

Премьер-Министрдің орынбасары
И.Н. Тасмағамбетов

Әлеуметтік-мәдени даму мәселелері, мәдениет, білім беру, жоғары мектеп, денсаулық сақтау, туризм және спорт, архив ісі салаларындағы бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру.

Әлеуметтік-саяси процестерді, ұлтаралық қатынастарды зерделеу.

Жұмыспен қамту, еңбек және еңбекке ақы төлеу, әлеуметтік қорғау мәселелері.

Біліммині, Мәдениетмині, Жастурспортмині, Денсаулықмині, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Мемұлткомы, Авторлық және сабақтас құқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттік, ҚазТАГ, Ономастика және Терминология комиссиялары, Зейнетақы қоры, әлеуметтік сақтандыру және жұмыспен қамту қорлары, Міндетті медициналық сақтандыру қоры жұмысының мәселелері.

Үкімет Аппаратының Басшысы

Аппарат бөлімдерінің Үкімет қызметін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысын ұйымдастыру.

Министрліктердің, мемкомитеттердің, өзге орталық және жергілікті атқарушы органдардың Үкімет шешімдерінің және оның басшылығы тапсырмаларының орындалуы мен сапасына бақылау жасауға қатысты қызметін үйлестіру.

Үкіметтің нормативтік актілері мен республика басшылығының тапсырмаларын орындамағаны үшін министрліктер мен ведомстволар, облыстар басшыларын тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар әзірлеу.

Үкіметтің Парламентпен, Президент Әкімшілігімен және аумақтар әкімдерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету. Үкіметтің Баспасөз қызметіне, республика Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау

және біліктілігін арттыру институтының жұмысына басшылық ету.

Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын кадрлар жөнінде келісілген ұсыныстарды зерделеу және енгізу.

Үкіметтің басшылығы өз жұмысын ұйымдастыруда акционерлік және холдинг компанияларымен, басқа да республикалық органдармен, қоғамдық және өзге ұйымдармен қызметтің жетекшілік жасалатын бағыттары бойынша өзара іс-қимыл жасап отырады.

Үкімет басшылығының бірін-бірі ауыстыруының мынадай тәртібі белгіленеді:

Ә.М. Қажыгелдин - А.С. Есімов

Д.Т. Дүйсенов - А.С. Павлов

И.Н. Тасмағамбетов - Ж.С. Кәрібжанов

Н.Қ. Есенғарин - Д.Т. Дүйсенов